

Лесбек САЙЛАУБЕК

24(5)кн)
С 16

БҰЛЫК ТЫҢ
ДІР
АШАСЫ



Лесбек Тұрсынбекұлы САЙЛАУБЕК

БҰЗЫҚТЫҢ БІР АПТАСЫ

(Балаларға
арналған
әзіл-әжуа
өлеңдер)

- 510678 - 01C -

Ақын Лесбек Тұрсынбек 1944
жылдан бері Қазақстан Республикасы

БАЛАЛАР СИНДОНЫ

Тараз - 2000 жыл

**ББК 83.8
С 16**

САЙЛАУБЕК Л.
«БҰЗЫҚТЫҢ БІР АПТАСЫ»: Өлеңдер - Тараз; -
«САЛЫҚ ТӘРТІБІ», 2000; - 63 бет.

ISBN 9965-9103-1-6

Лесбек Тұрсынбекұлы САЙЛАУБЕК мектеп қабырғасынан балаларға арнап өлең жазып келеді. Әрі қысқа, әрі нұсқа тақпақтары әр жылдары республикалық балалар басылымдарына жарияланып, жас оқырмандарына танымал болған ақын, енді, міне, шағын жинағын ұсынып отыр.

Бұл қітапшага Лесбектің негізінен әзіл-әжұа, сын-сықақ өлеңдері енгізілді.

Кеше ғана балалықтың бал шағын бастан кешкен, бүгінде, есейген шағында да қызмет бабымен мектеп, балабақша өмірімен қоян-қолтық араласып жүрген ақынның өлеңдері шынайылығымен, әдемі юморымен баурап алады.

**ББК 83.8
С 16**

**C 4803250202-02
00(05) -00**

Лесбек САЙЛАУБЕК, 2000.
«САЛЫҚ ТӘРТІБІ», 2000.

ISBN 9965-9103-1-6


Ж О Л А Ш А Р

Лесбекті мен осыдан он үш жыл бұрын «Балдырган» журналында жауапты хатшы болып қызмет атқарып жүргенде кездестірген едім. Оның әкелген бір топ өлеңдерін оқып, балалардың мінез-құлқын дәп басып тани білетін қабілетіне қуандым. Кейбір айтқан ақыл-кеңестерімнен қорыттынды шыгара білген Лесбектің өлеңдерін «Балдырганың» бас редакторы, белгілі ақын Тұманбай Молдагалиев та оқып шығып, ұнатқан соң 1987-жылы «Жолашар» айдарымен бір топ өлеңдерін журналға жариялады. Содан кейін де біз бірнеше рет оның топтама өлеңдерін журнал бетінен орын алуына жол аштық.

Лесбек балалардың қызықты қылыштарын өлең жолына әдемі түсіре отырып, тәрбиелік ой түйе біледі. Оның балалар ақыны екенин алғашқы аяқ алғысынан байқаған едім. Бұған кейінгі кездері жаэзип жүрген өлеңдерін оқып та көз жеткіздім.

Мен Лесбектің бұл кітабының оқырман жүрегінен шығып, балалар тәрбиесіне ықпалы боларына сенім білдіргім келеді. Жас ақынның алдағы шығармашылық жұмысына табыс тілеймін.

Сұлтан ҚАЛИҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,
балалар ақыны, республикалық «Ұлан»
газетінің бас редакторы.



Білер емес

Тал ектік біз жабыла,
Сынып болып бүгін дे.
Ермек бірақ,
Тағы да
Бұғып қалды үйінде.

Тал егу де қын ба?
Көбейді ағаш бақтағы .
Мұғалімдер жиында
Ісімізді мақтады.

Өз кінәсін білер деп,
Сынай қарап тұрсақ та.
Жайран қағып тұр Ермек,
Бізбен қатар бір сапта.

Дақыл ектік

Дәнді дақыл егуден
Жарыс өтті сыныпта.
Жүгеріні бөлінген
Уыстаттық Сыдыққа.

Бидай, тары, сұлыны,
Сеуіп шықтық өзгеміз.
Келіп көрдік бір күні,
Дән көктеген кезде біз.

Алқап неткен көрікті,
Әр дақылға тоқтадық.
Ал, жүгері өніпті
Бір-ақ жерге топталып.

Ортаға алып Сыдықты,
Тұрмыз оған таңырқап.
Ашып берді шындықты,
Бүкпелемей табиғат.



Жалқаулықпен күрес

Еріккен бе, бұл қалай,
Жалқаулық түр шақырып.
Ал мен оны тыңдамай,
Іс істедім жапырып.

Айтты ол маған:
«Сабаққа
Бүгін оқып барма», -деп,
«Отыр текке, санақта,
Бестікті де алма», -деп.

Мен өзімді тыңдадым,
Жалқаулыққа қосылмай,
Терезені сырладым,
Іс керек деп осындаі.

Айтты ол маған:
«Басқаға
Көмектеспей тек жүр», -деп.
«Жалқаулықты баста да,
Асқа көніл көп бүр», -деп.

Мен өзімді тыңдадым,
Бұрыс жолға бармастан.
Сөйтіп жеңдім, шын жауым-
Жалқаулықты жармасқан.



Аумаған

Қыңырбектің
Кім білді,
Істерін көп күлдіргі.
Торайымен көрші үйдің
Ойнап үстін бұлдірді.

Адасып ол талайдан,
Шыққандай-ақ тоғайдан.
Қынжылып түр апасы,
Айыра алмай торайдан.

Еріншек

Ойнап құмда тынбайды,
Демал бір сәт, десек те.
Кешке келіп құлайды,
Киімімен төсекке.

Шешіп жатқын киімінді,
Үят мұның , -десе кім.
«Қимай тұрмын үйқымды,
Үйықтаған соң шешемін»

Деп, ол үйықтап қалады,
Сөзі ұмыт бол манағы.
Шешіндіріп шешесі,
Күнде әуре болады.



Бұзықтың бір аптасы

Дүйсенбіде сарайдың,
Терезесін сындырды.
Төбелесіп,
Жанайдың
Мұрнын бұзып, бұлдірді.

Сейсенбіде Сараның,
Тартып алды қаламын.
Теуіп иттің табағын,
Жыртқызды бір балағын.

Сәрсенбіде от жағып,
Жиған шөпті өртеді.
Үйде сүтті ақтарып,
Былғап кетті қорпені.

Бейсенбіде бір де бір,
Кітап бетін ашпады.
Көрші қыздың гүлдерін,
Түгел жұлып тастады.

Жұма күні ойнады,
Сабагына бармaston.
Кешке келді «сойқаның»,
Үсті-басын шаң басқан.

Сенбі күні қырсығып,
Өзеннен ол шықпады.
Тереңіне тұншығып,
Қалдық әрең құтқарып.

Жексенбіде шығам деп,
Тал басынан құлады.
Белгі болыш тұрар көп,
Жырылған бір құлағы.



«Жойыпты»

Дәптерінде інімнің,
Тұр екен бір екілік.
Біраз өзін «қуырдым»
Ашуланып, жекіріп.

- Көрінген бе бірдене?..
Ойыныңды енді қой!-дедім.
Ертең қайткен күнде де
Бұл екінде жой!-дедім.


Ертеңіне:
-Есебің
Қалай болды, шырағым?
Не болды өзі кешегің,
Жойдың ба?-деп сұрадым.

Сипап қойып кекілін,
«Жойдым» деп ол соғып тұр.
Дәптерді ашсам,
Екінің
Орынында ойық тұр!



«Ауру»

Алатыны -екілік,
Айтатыны - өтірік.
Тез «ауыра»
қалады
Сабак оқып отырып.



-Жазылсын,-деп, тымауын,-
Босатады мұғалім.
Шыға сала зулайды ол
Көкке атып тымағын.



Кейі мейлі, күл мейлі,
Құлағына ілмейді.
Басқаны емес,
Ол өзін
Алдайтынын білмейді.


Ұят деген күшті екен

Бақшасына ауылдың,
Тұскіміз кеп барады.
«Басыпалды» қауынның
Исі мұрын жарады.

Кеп қалған соң жанына,
Қойып кеттік ішіне.
Үзіп алдық тағы да,
Бір қауынды кішілеу.

Көріп қойып қарауыл,
Әрең қалды жанымыз,
Естіп мұны бар ауыл,
«Ұры» атандық бәріміз.

Бір солақай іспенен,
Көрген жангә жақпадық,
«Ұят» деген күшті екен,
Кірер тесік таппадық.





Қыңыр

-Салыңқы ғой қабағын,
Алғанбысың екілік?
Түзелмеді сабағың,
Жұрсің босқа ерігіп.

-Оқысам да қанша күн,
Бір ереже білмедім.
Оқимын деп шаршадым,
Әр сабақты күнбе-күн.

-Шорқақ болдың есепке,
Сонда неге зерексің?
-Мініп алыш есекке,
Ойнағанға не жетсін!

Мақтаншақ



- Мендейді кім білмеген,
Бәрі қорқақ бір менен.
Қүрескенді жығамын,
Жарыстарда әрдайым,
Алға ғана шығамын,-

Деп Байтемір мақтанды,
Сөзін айтып жаттанды.


Ертесіне тірескен,
Өтті жарыс құрестен.
Бармады оған Байтемір.
Дейді ол : «бәрін жеңемін,
Әуреленіп қайтемін».

Екі хат

Ағасына Тұрғынбек,
Хат жазып «сыр» ақтарды:
«Жақсы оқып жүрмін», -деп
Жатып келіп мақтанды.

Жеткізбек бол хабарын,
Досқа шын сыр ақтарды.
«Нашарлау деп сабағым»,
Себеп айтып ақталды.

Екі хатты асығып,
Алмастырып жіберді.
Өтірігі ашылып,
Қызарақтап жүр енді.





Асқардың ашуы

«Қыста басы жалаң бол,
Жаурамасын балам тек».

Деп көкесі

Жазда бір

Тымақ алды «жаар» деп.

-Алмапсың деп, - тәттімді,
Жылауға Асқар шақ тұрды.
Қайтемін, деп,-шәпкінді,
Бір бұрышқа лақтырды.

* * *

Қыс та әкелді сынақты,
(Үсіте ме құлақты?)

Аязға Асқар шыдамай,
Таппай жүр сол тымакты.

Күшік боп...

Үйде отырып күшік боп,
Қайрат «үріп» қоймады.
Өзіне бір қызық боп,
Бүгін біраз ойнады.

Аузымен ап нанды да,
Жеді жерге шашып та.
Көже қойып алдына,
Ішті алмай қасық та.

- *Улгермestен ішіп бол,
Төктің, әне, көженді.
Төгілгенді күшік боп,
Жаласаншы, бол, енді.
Жаламасан, балақай,
Қойғын мұндаій бәлеңді!*



Қанат пен қаздар


Улкен наны қолында,
Шықты Қанат ауладан.
Қаздар деген жолында,
Тұрып алды қаумалап.

Қанат үзіп бермеді,
Көзі тоймай нанына.
Жүре алмай бір терледі,
Жақыннатпай жанына.

Ілесті қаздар соңынан,
Кетті өшігіп үрган соң.
Іліп кетті қолынан,
Қимай нанын тұрган соң.

Улкен де етіп ала ма?!

Тауыса алмасын біледі.
«Қарасаңыш шамаңа»,
Деп достары күледі.



Салақ

Үстін көрсөң - кірлеген,
Айғыз - айғыз түр деген.
Кірсөң үйге,
Назарың
Соған ауар бірденнен.

Таралмаған шашы да,
Барғың келмес қасына.
Бара қалсам,
Кетуге
Жиналамын асыға.

Ойламаңдар «бұл кім» деп,
Тұрса айтайын білгің кеп.
Қуыршақ қой кәдімгі,
Әйтпесе ондай құрбым жоқ.

Қуыршағына Жанаттың,
Жиіркенбес қарап кім?
Лас болады екен ғой,
Заттары да салақтың.



Не қызық көрдің қаладан?..


- Айтшы, Бақыт,
Қаладан
Көріп қайттың не қызық?
- Бір тойғызды жан ағам,
Жұз балмұздақ жегізіп.



- Тағы басқа не жедің,
Жүрдің бе әлде құр қарап?
- Талған кезде өзегім,
Торттан жедім бір табақ.



-Ал, трамвай көрдің бе,
Көрдің оның нешеуін?
- Үлкен екен ол мұлде,
Алып жедім бесеуін.



Санаттың тұсі мен өні

ТУСІНДЕ:

Сыныпқа үстаз кірді де,
Қуанышын білдіре
Деді: «Санат бәріне
Өнеге де, үлгі де.

Біз білеміз Санатты,
Беске оқиды сабақты.
Тәртібі де тамаша,
Өнерге де талапты.


Бәрің оны сыйлағын,
Ақыл сөзін тыңдағын.
Бұл баланың ұқыпты
Әр ісіне ризамын».

ӨНІНДЕ:


Сыныпқа үстаз кірді де,
Ренішін білдіре.
Деді: «Санат қашанғы
Айналады күлкіге.

Орны жоқ бір тұрақты,
Бейне қаңбақ сияқты.
Кішкентайдың қалпағын,
Талға да іліп жылатты.

Бестігі жоқ өлі бір,
Екі алса да бәрібір.
Намысы жоқ Санаттың,
Мектепте құр саны жүр!»



Ұрыншақ



Таңатқанның
Қашаннан
Итті қуу - ермегі.
Таяғын ол
Тасадан
Құттайққа сермеді.

Таяқ жерге тарс етті,
Қарқ-қарқ күлді Таңатқан.
Ал, Құттайқ арс етті,
Ала түсті балақтан.

***ҰЯТ-АЙ!**

«БОКС»

«Бокс» дейді мұны,- деп,
Періп қалды інісін.
Інісінің «жыны» кеп,
Құптамады бұл ісін.

Ағашты алып жердегі,
Қойып қалды ол ағасын.
Ағасы да сермеді,
Тартып алып ағашын.

Төбелеске айналды,
Ойын сөйтіп оқыста.
Түсінбесе, білмесе,
Нелері бар бокста.



Есерсоқ

Итін алып жетектеп,
Көше кезер жағалап.
Серуендеу керек, - деп,
Жүргендері «абалап».

Балаларды көшеде,
Итпен қуып, мақтанып,
Мәз боп жүрді кеше де
«Қорқақ» деген ат тағып.

Қауып алса қайтеді,
Қолдан иті жүлкүнып.
Ойламайды-ау, әй, тегі,
Жараспасын бұл қылық.



Қалжыңым

«Бестік» деген бағаны,
Ала-ала жалықтым.
Есептесем- ғажабы
Мыңын бір-ақ алышпрын.

Апам маған ұрысты,
«Мұниша неге алдың, деп.
Ендігәрі бұл істі,
Басқаларға қалдыр» деп.

Содан бері күніге,
Екілікпен күн көрем.
Бестік қалды ініме,
Жақсы екен түк білмеген.



★ ★ ★

Қалжыңым ғой аздаған,
Рас, деп, сөзге ермендер.
Айтса егер басқалар,
Көзбен көрмей сенбендер.

Зообақтағы көп сұрақ

Зообаққа апардым,
Сөзін тыңдаپ Сапардың.
Сұрақ қойды бірнеше,
Оған кінә тағар кім?

-Қасқырды анау қараған,
Торға неге қамаған?
-Талай малды талаған,
Үрлігі үшін қамаған.

-Қызықпайтын бар ма адам,
Тұлкі де тұр, таңданам?!
- Құлығы үшін тұр торда,
Кездескенді ол алдаған.

- Күштілерден қалмаған,
Аю да тұр, таң қалам?!
- Күш болғанмен жалқаулау,
Үйқысы бір қанбаған.



Жыртқыштарды манадан,
Көріп жүрген балақан
Сұрағын кілт дөгарды,
Өзін танып жаңадан.

Жөн сөзді өзі үқпайды,
Үлкеннен де ықпайды.
Байқап тұрса міnezі,
Көп аңдарға үқсайды.



Есек пен Есеннің әні

ЕСЕК:

Шөп тұрса алдымда,
Қозғалмай жатар ем.
Су ішіп салқындаپ,
Рахатқа батар ем.

Мол болса жем деген,
Семіріп желер ем.
Ешбір жан көрмеген,
Қызықты көрер ем.

ЕСЕН:

Оп-онай арманға,
Бір пәсте жетсем ғой.
Атағым бар маңға,
Жайылыш кетсе ғой.


Керегім әр күні,
Табылыш тұрса ғой.
Ісімнің барлығы,
Менсіз-ақ тынса ғой...




Есек пен Есеннің,
Арманы бір екен.
Әндептіп осы елдің,
Ішінде жүр екен.

Маубас

Тұске дейін,
Үйқыны ол соғады.
Содан кейін,
Басын әрең көтереді жоғары.
Тамақ ішем дегенше,
Тұс қайтады.
Ойнап келем дегенше,
Кеш батады.
Кеш батқан сон үйқыға,
Тағы ұялмай жатады.
Мектебіне қаласа,
Уш күнде бір барады.
Сонда қалай «Маубастың»
Жақсарады сабагы.



Қоянның «ерлігі»



Қоян кезді орманды,
Мылтығы бар асынған.
Іздеп жүр ол арланды,
Момындарды басынған.

Қоян өзі ашулы,
Ешкімнен дे ықпады.
Болғанменен азулы,
Қасқыр іннен шықпады.



Кім білмейді қоянды,
Ісі бізге аян-ды.
Өнді емес бұл, түсі екен,
Эне, шошып оянды.

Бөспе

ТЫШҚАН

Іші әбден пысқан,
Деді бірде тышқан:

«Мысықтарды тұнде
Құыш жүрем күнде.
Қорыққаннан қазір,
Жатыр шықпай інде».

Тышқан солай бөсті,
Соғып қалып тәсті.
Мысық келді естіп,
Оның үні өшті.



Жалқау

МЫСЫҚ



Мысық жатыр пырылдап,
Жып-жылы пеш түбінде.
Тышқан нанын жүр үрлап,
Сезбеді оны бүгін де.

Күнің қыын, мысығым,
Тышқан аулап жемесен.
«Ұрылардың» тысырын,
Естімейсің неге сен?!

Ойламады

Шықты жарға секеңдеп,
Бастағандай ерлікке.
«Құлап қалар екем»- деп
Ойламады ол түк те.

Тайып кетіп,
Аяғын
Майып етті сындырып.
Лағымды аядым
Бір жығылды, бір тұрып.



«Ойын» немен тынарын,
Өкінішті-ақ білмеуі.
Қиналыш тұр лағым,
Секіру жоқ күндегі.

Циркте

Цирктегі ағама,
Тамсанамын таңдана.
Аюларды айдап жүр,
Жегіп алыш арбаға.

Көрдім ұлкен пілдердің,
Қаз-қаз тұрып жүргенін.
Біледі екен бидің де,
Небір қызық түрлерін.


Ал, қыңырлау көк тәбет,
Болды ойынға көп бөгет.
Тұра қашты алаңдан,
Қалды ағам «өкпелеп».

Сонда тағы таң қалдым,
Аға сырын анғардым.
Сыйлады екен ол-дағы,
Тіл алғышын аңдардың.



Ләңгіші

Ләңгі ойнап арбаңдал,
Тыным таппай жүр Санақ.
«Болса,- дейді армандал,-
Ләңгіден де бір сабақ!»



« Б а т ы р »

-Қорқасыңдар бәрің! - деп,
Сөкті бізді Әлімбек.
«Сендерсіз-ақ түсейін,
Көршіміздің бағына».
Деп, досымыз күшейіп,
Кетті бақта тағы да.

Шығармастан дыбысын,
Шықты алмаға «батырың».
Толтырды да ыдысын,
Тұспек болды ақырын.

Осы кездे тәменде,
Отыр екен бір тәбет.
«Батырлығын» көрем деп,
Жолын оның түр бөгеп.



«Мерген»

Атамын деп шымшықты,
«Мергендігін» білдірді...
Үйден, әне, шу шықты,
«Қайда,-деп,-бұл бұлдіргі?»



Неге кір?..

Кір киімімен Есет,
Төсекке кеп құлайды,
Ертеңіне «төсек
неге кір?», - деп сұрайды?!

«Әнші»

Болғанда ән сабагы,
Үнсіз күйде қалады.
Үйге келсе ән айтып,
Алады кеп мазаны.

Ақсаусақ


Ойын десе,
Үйде Қанат бір тұрмайды.
Жұмыс десе,
Басын үстап ыңқылдайды.

Өкпе

Ағасы оған:
«Тамақты
Асықпай іш, тәкпе»- дейді.
Інісі шытыш қабақты,
«Ұрыстың» деп өкпелейді.

Аңғал

Түрін көріп түйенің,
Таң-тамаша жиенім.
Деді: «мұндаі түйеге
Саты қойып міне ме?»



Екі түрлі жауап

ҮЙНДЕ:

Сабақ бүгін көп, дейді,
Сөйтіп істен шеттейді.
Үйге көмек беруге,
~~Уақыттың~~ түк жок, дейді.

Ауыр іске бармайды,
Тамақ келсе таңдайды.
Түске дейін жатса да,
Үйқысын бір қанбайды.

МЕКТЕПТЕ:

Басығ төмен салбырап,
Тұрады ылғи зар жылап:
- Үй тірлігі көп болып,
Қалдым, дейді, қалжырап.


Ішкем дे жоқ тамақты,
Мұрынымнан қан ақты.
Содан әбден әл құрып,
Оқымадым сабақты.

* * *

Тақылдайды-ау таңдайын,
Түсінікті жағдайын.
Арамтамақ екенсін,
Асқа келер дап-дайын.

«Жаңашыл» інім

Күнпарақты Ерсінбек,
Еркіне алып құртышты.
«Каникул ерте болсын» деп,
Он парақтап жыртышты.



«Соңғы үлгі»

«Іс тігуді үйрендін,
Әкел, інім, иненді,-
Дедім,-мына үзілген,
Қадап берші түймемді»

Өз қолымен икемді,
Қадап берді түймемді.
Алғашқы рет сынақтан,
Откендей бір күйге енді.

О, бастан-ақ талапты,
Інім іске жарапты.
Тек, оң жақтың түймесін,
Сол жағыма қадапты.



Соқа мен тырманың тірлігі

(ЕРТЕГІ)

Көре алмайтын бір-бірін,
Соқа, тырма жолықты.
Алдағы айтып тірлігін,
Былай деп сөз қорытты.

СОҚА:

«Жеке еңбек етемін,
Тұрам неге бөгеліп?
Мақсатыма жетемін,
Молшылыққа кенеліп.

«Әлі талай көресің,
Жалғыз егін егемін.
Піскен кезде тек өзім,
Қызығын да көремін»

Ол осылай жұлқынып,
Ақыл сөзге келмеді.
Бір нәрсені тындырып,
Тастағандай терледі.

ТЫРМА:

«Жеке болған пайдалы,
Бөліспейміз астықты.
Көңіл сонда жайдары,
Ұмытамыз қастықты.

*Маган да осы керегі,
Айтқаныңды құп алам.
Бізге баға береді,
Әрбір сырт көз сынаған».*

Соқаға айтқан тырманың,
Болды осылай жауабы?
Кімнің толар қырманы?!
Белгісіз ғой ол жағы.

Іске соқа кірісті,
Жерді жыртып тынбады.
Сеуіп болып күрішті,
Мақтанбастан тұрмады.


Тырмаланбай бірақ та,
Ұрық сыртта көп қалды.
Құстар тойып жырақта,
Сауық құрып топталды.

Қалды соқа күйініп,
Ісі онға баспады.
Арман еткен сүйініп,
Сөзі іске аспады.

Тырма да жер тырмалаң,
Сеуіп еді егінін.
Шыға ма деп жүр қарап,
Көрмек болып өнімін.


Бірақ, оның сепкені,
Құстан оған жетпеді.
Теренірек өйткені,
Ұрық-дәнді екпеді.

Бұл оқиға екеуін,
Сабасына түсірді.
Бірлік керек екенін,
Кеш те болса түсінді.




Аңмен күнде біргемін...


Бірде көрдім барыстың,
Малмен бірге жүргенін.
Жақын барып таныстым,
Содан қазір біргемін.




Арыстанға кезіктім,
Тани кетті ол мені.
Тілін оның тез ұқтым,
Әттең, ешкім көрmedі.



Кездестіріп кірпіні,
Қарық болдым инеге.
Ине деген «шіркінің»
Керек екен үйге де.




Үйге әкеліп пілді де,
Төр бөлмеге жатқыздым.
Бір кенелдік күлкіге,
Оған пісте шаққыздым.



«Кино көрсін бірге» деп,
Барлық аңды шақырдым.
Қызыққаннан күнде кеп,
Болып кетті жақын тым.



Айтпаймын ешқашан мен өтірікті,
Өрмекші өгіз болып өкіріпті.
Ал, өгіз торын құрып өрмекшіше,
Шыбынға тойып күнде секіріпті.



Желдей ескен есегім...

Бағып-баптап неше күн,
Құйрық -жалын тарағам.
Желдей есті есегім,
Бір бәйгеде аламан.

Тұлпарлардың талайын,
Тұншықтырдым шаңыма.
Мұны көріп ағайын,
Мақтап жатыр жабыла.

Есекпенен шапқанда,
Озып кеттім «Волгадан».
«Мерседес» те ақ шаңда
Кейін қапты он қадам.

Ұшақ болып кеткен бе?-
Деп сонда жұрт таңданды.
Сеспей қатты
Тепкенде
Кездескен бір арланды.

Есегім бар
осындай,
Салпаң құлақ
досымдай!..



Сағынам-ау көшени

КЕШЕ:

«Малға шөпті салма,- деп,
Дүкенге де барма,- деп,
Бәрін өзім тындырам,
Отынды да жарма,»- деп

Кетті апасы қалаға,
Мұндай рахат бола ма!

- Тілазарың болмайын,
Мінезімді ондайын.
Тапсырманың апатай,
Орындауға мен дайын.”

БҮГІН:

«Сиырға шөп сала сал,
Дүкенге де бара сал.
Дәу қақпаны жаба сал,
Отынды да жара сал»

Деді апасы балаға,
Мұндай азап бола ма?

- Жақсы еді тер төкпейтін,
Тапсырманың кешегі.
Бүгінгіңіз көп қой тым,
Сағынам-ау көшени.

Үлгі

(Әні бар)

Інімді апам жұмсады,
Бір тірлікке азанда.
Тіл алмаса, ұрсады
Інім үшін маған да.

ҚАЙЫРМАСЫ:

*Тіл алса інім,
Бұл күнде
Бөліп апам жатпайды.
Сенің жақсы үлгін деп,
Мені де бір мақтайды.*

Інім беріп қол ұшын,
Мені әрқашан демейді.
Апамыздың сол үшін,
Алғыстары көбейді.

ҚАЙЫРМАСЫ:

*Тіл алса інім,
Бұл күнде
Бөліп апам жатпайды.
Сенің жақсы үлгін деп,
Мені де бір мақтайды.*

Жұмбақтар

Жүрмейді, ұшпайды,
Аң келсе ұстайды.

(нәйәү)



Шаршамайды, талмайды,
Жаныңдан бір қалмайды.
Қорқатындай,
Сенімен
Қаранғыға бармайды.

(әжнағау)



Не айтсаң да жазады,
Емес оның мазагы.
Қайталап та береді,
Айтқаныңды жаңағы.

(ноғолиндер)



Ұшқыр деп жұрт мақтайды,
Бойынан мін таппайды.
Қанаты бар қақпайды,
Құс тобына жатпайды.

(шетх)

Қанша алма?

Теріп келген
Ағамның
Алмаларын саңадым.
Он екі екен,
Жартысын
Теңдей бөліп аламын.

Терген-ау,-деп,-дәмдісін,
Айтты Арман алғысын.
Санаң,
Мениң алмамның
Бөліп алды жартысын.

Менде қалған алманың
Бәрін жинап алды Әлім.
Есептөңдер, достарым,
Кімнің қанша алғанын.

Шорқақ екен...

«Мінбегін,
Құлап қалып жүрмегін».
Десек те,
Мінем, деп Есен есекке,
Құлады қанша,
Оны енді
Достарым өзің есепте.

Құлады бірде жыңғылға,
Басты сөйтіп «ыңқылға».
Құлады оңбай алты рет,
Шалшық суға- шұңқырға.

Қырға қоймай шығам деп,
Ойға да он құлады.
Құлаттың деп қаншама,
Есегінің құлағын,
Аямай кеп бұрады.
Үндемей тұр есегі,
Ауырса да құлағы.
Білмеді Есен бірақта,
Қанша құлап, жылады?!

Шорқақ Есен есепке,
Мылқау екен есек те.

Ұйқасын тап!

Зиянкесті қоймайды,
Жемістерді қорғайды.
Ұя салып, жем беріп,
Қорғайық біз де

(*Мұнайсарол*)



Болған еді үркек тым,
Жем беріп жүріп үйреттім.
Жақсы бағып үлкейттім,
Балапаның

(*Нұржары*)



Балапаным үнемі,
Қалмасын деп қарны аш.
Тамақ тасып жүреді
Тыным таптай

(*Шелманов*)

М а з м у н ы

Білер емес.....	4
Дақыл ектік.....	5
Жалқаулықпен күрес.....	6
Аумаган.....	7
Еріншек.....	8
Бұзықтың бір аптасы.....	9-10
«Жойыпты».....	11
«Ауру».....	12-13
Ұят деген күшті екен.....	14
Қыңыр.....	15
Мақтанаңақ.....	16
Екі хат.....	17
Асқардың ашуы.....	18
Күшік бол.....	19
Қанат пен қаздар.....	20
Салақ.....	21
Не қызық көрдің қаладан?.....	22-23
Санаттың түсі мен өнді.....	24-25
Ұрыншақ	26
«Бокс».....	27
Есерсоқ.....	28
Қалжыңым.....	29
Зеобақтағы көп сұрақ	30-31

Есек пен Есеннің әні.....	32
Маубас.....	33
Қоянның «ерлігі».....	34
Бөспе тышқан.....	35
Жалқау мысық.....	36
Ойламады.....	37
Циркте.....	38
Ләңгіші.....	39
«Батыр».....	40-41
«Мерген».....	42
Неге кір?, Әнші, Ақсаяусақ, Өкпе.....	43
Аңғал.....	44
Екі түрлі жауап.....	45
«Жаңашыл» інім.....	46
«Соңғы ұлгі».....	47
Соқа мен тырманың тірлігі.....	48-50
Аңмен қүнде біргемін.....	51-53
Желдей ескен есегім.....	54-55
Сагынам-ау қөшени.....	56
Үлгі.....	57
Жұмбақтар.....	58
Қанша алма?.....	59
Шорқақ екен.....	60
Ұйқасын тап!.....	61

Лесбек Тұрсынбекұлы САЙЛАУБЕК

БҰЗЫҚТЫҢ БІР АПТАСЫ

(Өлеңдер)

Редакторы - Асқаржан СӘРСЕКОВ
Көркемдік редакторы - Ғалым ҚАСАБАЙ
Суретшісі - Айдархан СИХАЕВ
Компьютерде теріп, беттеген-
Гүлмира ТӘЖИЕВА

Теруге 2000 жылы 1 сәуірде берілді.
Басуға 2000 жылы 5 сәуірде жіберілді.

Пішімі 84x108 1.32

Көлемі 2 баспа табак.

Таралымы 2 000 дана.

Тапсырыс № 100.

Бағасы келісім бойынша.

Түп иұққасы Республикалық аймақтық
«САЛЫҚ ТӘРТІБІ» редакциясының баспаханасында
теріліп, беттегіліп, басылды.
480039, Тараз қаласы. Төле би 36а.



Леебек Тұрсынбекұлы САЙЛАУБЕК 1961 жылды Тарас қаласында дүниеге келді. 1979 жылдан бастап 1993 жылға дейін Жамбыл облыстық «Ақ жол» газетінде корректор, техникалық редактор, тілші кызметтерін аткарады.

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. 1993 жылдан бері ол республиканың Қазақ радиосының Жамбыл облысы бойынша мәншікті тілшісі болып ешбек стіл келеді.

Қазақстан Журналистер одагының мүшесі. Леебектің өлөндөрі жергілікті басымдармен қатар республиканың «Ұлан» газеті мен «Балдырыган» журналында жойы жарияланып тұрады.